

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 619 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қыркүйек N 1324

Теңгенің еркін өзгермелі бағамы режимі жағдайларында пайдаланылатын мемлекеттік қарыз алу құралдарына сүйене отырып, ұлттық жинақ облигациялары бойынша, оның ішінде айналыста жүргендері бойынша сыйақы (мүдде) төлеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 619 P960619\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж ., N 22, 194-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару, айналысқа қосу және өтеу шарттары туралы ережеде:

2-тармақтағы "қаржыландыру мақсатында" деген сөздерден кейін "тоқсанның кез келген айының үшінші немесе төртінші аптасында бір рет" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұлттық жинақ облигацияларына үш айлық мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді (бұдан әрі - МЕҚҚАМ) немесе үш айлық мемлекеттік индекстелген қазынашылық міндеттемелерді (бұдан әрі - МЕИҚАМ) орналастыру жөніндегі тиісті аукционда қалыптасқан ставка бойынша сыйақы (мүдде) есептеледі. Сыйақы (мүдде) тоқсан сайын он төртінші, жиырма жетінші, қыркыншы және елу үшінші аптада, яғни эмиссиядан кейінгі олардың айналысының 92, 183, 274 және 364-ші күнінен бастап төленеді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық жинақ облигациялары бойынша сыйақы (мүдде) олардың айналысының әрбір тоқсаны үшін есептеледі. Ұлттық жинақ облигациялары айналысының бірінші тоқсаны үшін сыйақы (мүдде) ставкасы жазылым басталғаны жарияланған уақыттың алдындағы МЕҚҚАМ аукционында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең белгіленеді.

Егер МЕҚҚАМ аукционы өткізілген күн мен жазылым басталғаны хабарланған күннің арасында МЕИҚАМ аукциондары өткізілсе, сыйақы (мүдде) ставкасы осы кезеңде өткізілген МЕИҚАМ аукциондарының соңғысында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең белгіленеді. Кейінгі тоқсандар үшін ол - тиісті тоқсанның

бірінші аптасында өткізілген МЕҚҚАМ аукционында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең, ал мұндай аукцион өткізілмеген кезде - өткізілген МЕҚҚАМ аукциондарының соңғысында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең.

Соңғы МЕҚҚАМ аукционы өткізілген күні мен сыйақы (мүдде) есептелетін кезеңнің басталуы арасындағы кезеңде МЕИҚАМ аукциондары өткізілсе, ұлттық жинақ облигациялары бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы осы кезеңде өткізілген МЕИҚАМ аукциондарының соңғысында қалыптасқан сыйақы (мүдде) ставкасына тең белгіленеді."

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Сыйақының (мүдденің) ставкасы МЕИҚАМ бойынша пайдаланылған жағдайда, ағымдағы төлеуге жататын ұлттық жинақ облигациялары бойынша сыйақының (мүдденің) сомасы МЕИҚАМ ставкасы бойынша айқындалған сыйақы (мүдде) сомасынан басқа, сыйақыны (мүддені) төлеу жүргізілетін айдың алдындағы үш айлық кезең үшін ұлттық жинақ облигацияларына салынған инвесторлар қаражатының инфляциясынан болған зиянды өтеу сомасын қамтиды және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S=N*I/100+C$$

мұнда С, теңге - МЕИҚАМ аукционында белгіленген сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша айналыстың тиісті кезеңі үшін есептелген сыйақы (мүдде) сомасы;

N, теңге - сыйақы (мүдде) есептелетін ұлттық жинақ облигацияларының номиналды құны;

S, теңге - ағымдағы төлеуге жататын ұлттық жинақ облигацияларының сыйақы (мүдде) сомасы;

I, % - сыйақы (мүдде) төлеу жүзеге асырылған үш айлық кезеңдегі инфляция (тұтыну бағаларының индексінен жүз шегерілген).";

5-тармақтағы "түсімнің проценттік ставкасын" деген сөздер "сыйақы (мүдде) сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақта:

екінші абзацтағы "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Сыйақыны (мүддені) МЕИҚАМ ставкасы бойынша айқындаған кезде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жіберілетін жиынтық ведомосқа, онымен бірге сыйақыны (мүддені) төлеу жүргізілетін айдың алдындағы үш айлық кезең үшін тұтыну бағалары индексінің дәрежесі туралы мәліметтер де енгізіледі.";

14-тармақта:

"тоқсандық проценттерді" деген сөздер "сыйақының (мүдденің) тоқсандық сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақта:

"проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттік ставканы" деген сөздер "сыйақы (мүдде) ставкасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақта "өтініштерге қоса берілетін қаражат" деген сөздер "күші

жойылған өтінім бойынша сатып алуға жататын ұлттық жинақ облигациялары үшін төленген ақшалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақта:

"есептелген проценттер алынған жоқ", "тоқсандық проценттермен" деген сөздермен тиісінше "есептелген сыйақы (мүдде) алынған жоқ", "сыйақының (мүдденің) тоқсандық сомасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттерді", "проценттер" деген сөздер тиісінше "сыйақыларды (мүдделерді)", "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақтағы "соңғы тоқсандық проценттерді" деген сөздер "сыйақының (мүдденің) соңғы тоқсандық сомаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде сома)" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақтағы "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақта:

"Тоқсандық проценттерді" деген сөздер "Сыйақының (мүдденің) тоқсандық сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 1999 жылғы 15 маусымнан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК